

«Новый орта мектеп – лицей» КММ бойынша бракераждық комиссия отырысының

№ 4 хаттамасы

2022 жылдың ақпан айының 7- і күні мектеп асханасының жұмысы мен тамақтың сапасын тексеру бағытында құрылған бракераждық комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысқандар: Бракераждық комиссия мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Жекелеген санаттағы оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы (қамтылу саны) Әлеуметтік педагог Елеусизова С .У.
2. Тамақ ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуы, оқушылардың жеке бас гигиенасы Әбдіқалықова Б .А.
3. Сапалы тамақ-денсаулық кепілі . Ата-аналар комитетінің төрайымы, мүшесі Ахажанова С.А.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша: Әлеуметтік педагог Елеусизова С .У;

Мектепте тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы бұйрық (№221 15.09.2021ж) шығарылып, мектеп асханасының жұмысы мен тамақтың сапасын тексеру бағытында бракераждық комиссия құрылған болатын. .Комиссия құрамында 8 адам жұмыс жасайды.Бүгінгі таңда оқушылар 3 кезеңмен бөлініп тамақтанады. Осы тоқсан басталу барысында ыстық тамаққа көп балалы,аз қамтылған, толық емес отбасы балаларынан 16 оқушы қосымша тартылды. Бұл жұмыс барысында әр оқушының үйіне барып, отбасы жағдайымен таныстым . Жағдайлары төмен, шынымен де көмекке мұқтаж отбасыларын көрдім. Осының негізінде қазіргі уақытта әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары ,жекелеген санаттағы 73 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Қазіргі эпид ахуалға байланысты 46 оқушы тамақтанады,6-11 кл оқушыларынан 27 оқушы онлайн сабақта Тамақ сапасы талапқа сай. Қатысым сапасы толық деңгейде. Ата-аналары мектеп әкімшілігіне алғыстарын білдіруде

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша мектеп директорының орынбасары Б.А.Әбдіқалықова

Мектеп асханасының санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Күн сайынғы ас мәзірі қалалық СЭС бекіткен перспективалық ас мәзіріне сәйкес келеді. Мектеп асханасы , асхананың қызметкерінің санитарлық кітапшасы тексерілді. Рұқсат беру мерзімі нормаға сәйкес келеді. Аспаздың сыртқы киім үлгісі барлық санитарлық талапқа сай. Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ыдыстар мен ыдыс жуатын бөлменің жай күйі,ыдысты өңдеу және жуу сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Шағымдар мен ұсыныстар кітабы жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Ата-аналар комитетінің төрайымы, мүшесі Ахажанова С.А.

Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің мәселесі- күрделі мәселелердің бірі. Мектеп асханасындағы азық-түлік сапасы, гигиеналық талаптары ережеге сай. Жан – жақты бақылау, бракеражды комиссия тарапынан тексеріс болып тұруы – тамақтанушы оқушылардың денсаулығының бірден-бір маңыздысы деп ойлаймын. Себебі, әр оқушы үшін олар тұтынатын азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі бірінші орында болуы керек.

Шешімі: Асхананың санитарлық жағдайы, асхана жұмыстарының санитарлық талаптарының орындалуы бракераждық комиссияның бақылауында болсын.



Комиссия төрағасы:

А.Кисикова

Хатшы:

С.Елеусизова